



Ақмешіт

5 қараша
сенбі
№88 (1892)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

САПАР

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

Журналистің орны қашанда жоғары

Сыр өңіріне Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі жұмыс сапарымен келді. Министр ең алдымен Жастар орталығының жұмысымен танысып, онда «Азаматтық Альянсы Қауымдастығының» мүшелерімен кездесті. Облыста 2006 жылдан бастап «Азаматтық Альянсы Қауымдастығы» жұмыс істейді. Бүгінде Жастар орталығы «Қазақстанның Азаматтық Альянсымен» бірлескен жобаларды жүзеге асыруда.

Жастармен кездесуде министр үкіметтік емес ұйымдары өкілдерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ «Жас сарбаз» әскери патриоттық ұйымы жастарының «Ерлік сағатына» қатысып, жас сарбаздармен пікірлесті. Кездесу соңында естелік кітапшасына қолтаңбасын қалдырып, ізгі тілегін арнады.

Содан кейін министр Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика мамандығының студенттерімен кездесті. Исшараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, университеттің басқарма төрағасы-ректоры Бейбіткүл Қаримова қатысты.



Кездесуде министр студенттермен еркін пікір алмасты. Болашақ журналистер өз мамандықтарына қатысты ойларымен бөлісіп, көкейде жүрген сұрақтарын қойды.

«Журналистика төртінші білік бола ала ма?» деген сауал қойды студенттер.

Бұл сұраққа министр «Журналистің өзін кәсіби тұрғыдан көрсете алуына байланысты. Тексерілген ақпарат сәл кештеу шығуы мүмкін, бірақ сауатты нақты дәлелмен жазылады. Жылдам ақпарат таратамыз деп бүлдіріп алып жатады. Журналист пен блогер қатар қарайтын дүние емес. Журналистің орны қашанда жоғары. Мемлекеттік БАҚ-та істесе де, жеке басылымда істесе де журналистің өзіне байланысты. Журналистерге айтарым сенімді ақпарат таратуға, журналистің қадірін түсірмеуге ұмтылып, ізденіп еңбек етуі қажет. Бұл журналистке де, халыққа да жақсы. Журналистке керемет сөздің шебері болудан бұрын білікті болу маңызды. Жақсы жазып, жақсы сөйлей алуы керек. Сөз алдындағы жауапкершілікті сезіну керек», – делі министр.

2 БЕТТЕ

КӘСІПТІ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ

Соңғы жылдары Сыр өңірінде халық саны өскен сайын түрлі өнім, қызмет түрлеріне деген сұраныс артауда. Оны қанағаттандыру мақсатында жергілікті кәсіпкерлер саналы өнім шығарып, тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетіп келеді. Нәтижесінде жылдан-жылға халыққа таңдау еркіндігі арта түсуде. Осыған орай «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнесің жол картасы-2020, 2025», «Нұрлы жер» секілді кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар тиімділігін дәлелдеп отыр.

Қазіргі кезде қала әкімі Асылбек Шаменов ай сайын кәсіпкерлерді салалық мәселелер бойынша қабылдауда. Олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, кәсіпкерлікке байланысты нақты шараны жүзеге асыруды қолға алды. Әсіресе бұл кәсібін енді бастаған жас кәсіпкерлерге таптырмас мүмкіндік болып тұр.



Апта ортасында қала әкімінің БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Онда қала әкімі Асылбек Шаменов жеке кәсіпкерлер арасында кәсіп бастап, одан әрі қарай дамыту үшін қосымша мемлекеттен жер сұраған кәсіпкерлердің жұмысымен танысты.

2 БЕТТЕ

Табиғатқа қажетті тіршілік көзінің бірі – су. Суызыз мына ғалам әпсәтте құрғап, экологиялық апатқа ұшырауы өбден мүмкін. Ал күнделікті тұтынатын ауызсуудың адам баласы үшін алатын орны бөлек. Содан да болар, суызыз өмір жоқ деп жатамыз. Бүгінде күнделікті ішетін суымыз қаншалықты сапалы? Мамандар Қызылорда облысындағы ауызсуудан 103 сәйкессіздік анықталды дейді. Сонда ішуге жарамды ма, жарамсыз ба?

Қолда бар деректерге сүйенсек, Сыр өңіріндегі тұрғындар 99,9 пайыз ауызсу жүйесіне қосылған. Оның 97,8 пайызы орталықтандырылған су жүйесіне қосылғанын атап өткен жөн. Ал 2,1 пайызы орталықтандырылмаған су жүйесіне қосылған. Бізде ауызсууды тасымалды түрде қолданатындар да бар. Олардың үлесі 0,1 пайызды құрайды. Негізінен жерасты су көздері пайдаланылуда.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті берген мәлімет бойынша аталған мекеменің бақылауында 205 сумен жабдықтау нысаны бар. Оның 171-і орталықтандырылған жүйелердің су құбырлары болса, 34-і орталықтандырылмаған сумен жабдықтау нысаны екен. Халық тұтынатын су болған соң бұл нысандар үнемі тексеріледі.

– Былғы 9 айда 139 орталықтандырылған сумен жабдықтау нысаны ерекше тәртіп бойынша тексерілді. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 621 су сынағасы алынып, 103 сәйкессіздік анықталды. Талаптарға сай келмейтін су сынағамалары Қазалы, Қармақшы, Жанақорған аудандарынан анықталды. Тіркіелген сәйкессіздіктердің үлес салмағы 16,5 пайызды құрады, – дейді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз хатшысы Айман Жанахаева.

Ауыз судың санитарлық-химиялық көрсеткіштеріне 567 сынама алынып, 63 сәйкессіздік

анықталған. Сай келмейтін сынағамалардың үлес салмағы 11 пайызды құрады. Сәйкессіздіктер табылған су сынағамалары Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шилелі аудандарынан және Қызылорда қаласынан болып отыр. Мамандар санитарлық-химиялық талап бойынша сәйкессіздік көбіне сульфаттар, құрғақ қалдық, хлоридтер, керметтік жөніндегі көрсет-



Ауызсуу ішуге жарай ма?

кіштердің нормадан жоғары болуына қатысты анықталғанын айтады.

– Анықталған кемшіліктер және ерекше тәртіп бойынша тексерулер қорытындысы бойынша 1 715 280 тенге көлемінде барлығы 24 айыппұл салынып, өндірілді. Сәйкесінше 8 санитарлық нұсқама берілді. Облыс көлеміндегі барлық 171 орталықтандырылған сумен жабдықтау нысаны жуылып, толық тазаланып, дезинфекцияланды. Талапқа сай болмай шыққан объектілерден қайтадан ауызсу сынағамалары алынып, сәйкессіздік анықталмады. Халық арасында су факторына байланысты аурушандық тіркелген жоқ, – дейді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы Шолпан Байманова.

А.АҚЫЛБЕК

Кім айтты кітап оқымайды деп?

Кітап оқитындар саны рекордтық көрсеткішке жеткен

Бұл жаңалық көңілге қуаныш ұялатты. Иә, кітап оқитындар көбейіп келеді екен. Осы да жаңалық па дерсіз? Цифрлы әлемде өмір сүріп жатқан тұрғындар үшін құндылық дегенің алақандағы смартфон ішінде секілді сезілген заманда бұл жаңалық екені даусыз. Елімізде кітап оқитындар, оның ішінде кітапханаға барып, кітапты қолына алып оқитындар көбейген. «Ranking.kz» сайты өткен жылы кітапханаға бас сұққандардың көбейгенін рекордтық көрсеткіш деп бағалапты.

Бұл жаңалықты жариялаған сайт та таңданысын жасыра алмапты. «Бүгінгі уақытта кітапханаға студенттер мен мәдениет қызметкерлері ғана келеді деген түсінік қалыптасқан» деп жазады. Өркениеттің ордасы саналатын кітапханаға соңғы жылдары санаулы адам ғана бас сұғатыны үйреншікті көрініске айналған. Ал бүгін ше? Сандарды сөйлетіп көрелік. Цифрлық медиа талабымен электронды кітаптар қатары көбейгендіктен кітапханаға барушылар саны сиреген.

Соның 26 жылда елімізде кітапханалар саны 7352-ден-3920-ға дейін қысқарды.

Алайда кітапхана саны азайғанмен, кітапханаға баратындар қатары азайған жоқ. Кітапханалар үшін 1999 жыл сәтсіз жыл болды. Бұл жылы республика бойынша кітапханаға баратындар саны 2,6 млн адам ғана болған. Алайда бұл көрсеткіш жылдан-жылға өсіп, бүгінде кітапханаға келушілер саны 6 млн-ға жеткен. Оның ішінде 34,6 пайызы (2,1 млн-ы) кітапхананың интернет-ресурсын пайдаланатындар.

Демек, халық кітап оқиды. «Қазір ешкім бұрынғыдай кітап оқымайды» деген бекер сөз. Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ



РЕСЕЙ-УКРАИНА: ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ

Ресейдің инфрақұрылымға шабуылы Украина халқына біраз қиындық тудыруда. Тұрғындар қарапайым жарықтан бөлек ауызсу, жылумен тапшылық көреді. Киев тұрғындарының осындай жағдайда қысқа дайындық жүргізіп жатқаны туралы Юлия Кесаева мен Роб Пичета CNN арнасында жарияланған «Киев тұрғындары қысқа дайындық үстінде» атты репортажында жазды.



«Ресейдің ракеталық шабуылынан кейін қою түтін тараған соң және дабыл басылғаннан кейін Киев тұрғындары жаппай ауызсу алуға кезекке тұрды. Қалада электрэнергиясының болмауынан кешкілік кезде тастай қаранғы. Әсіресе дүйсенбі тұрғындар үшін аса қиын болды. Себебі ракеталық шабуылдың әсерінен ең маңызды инфрақұрылым қирап, қалада хаос орнады», – деп жазады тілшілер.

Тұрғындарды ауыз сумен қамтасыз етіп отырған 60 жастағы дүкен сатушысы Наталья қандай қиындыққа тап болғандарын айтып берді: «Дүйсенбіде қалада жарық мүлде болмады. Тұрғындарға таза ауызсу қажет болғандықтан резервтік генераторды қостық. Адамдар ұзын сонар кезекте тұрғанда генератордың тек 4 сағат қана жұмыс істеуге қуаты жетті. Кешкілік қайтадан жарық қосылды. Бірақ аз уақытқа ғана дейді», – дейді сатушы.

Сондай-ақ сатушы үлкен бөтелкелерге су толтыра алмайтынын айтқан. Дегенмен кішкентай ыдыспен су толтыруға келген аналар мен балаларға ұзақ уақыт алса да су беруге тырысып жатқанын жеткізді.

Киев қаласының мэрі Виталий Кличко өзінің Телеграм каналында қаланың 80 проценті ауызсуызыз және электрсіз қалғанын жазды. Өз сөзінде сондай-ақ ракеталық шабуылдың әсерінен қаланың 350 мың пәтерін жарықпен қамтамасыз етіп отырған нысан зардап шеккенін айтты.

Киевке келген қытымыр қыс пен ресейлік толассыз шабуылдың әсерінен қала мен оған қарасты ауылдар біраз қиындыққа тап болған. Миллиондаған адам қыстан аман шығудың амалын жасап жатыр екен.

Дүйсенбіде Киевке жасалған кезекті шабуыл бұл қала Ресейдің тұрақты нысанасына айналғанын дәлелдеп отыр. Бірнеше ай бойы шабуыл Украинаның шығысына жасалуы жазғы уақытта Киевте біраз тыныштық орнатқан еді. Алайда 10 қазанда Ресейдің алғашқы жаңа ракеталық шабуылы қаланың астан-кестенін шығарды.

«Қыстың оңай болмайтынын түсінікті. 10 қазанда мұндағы кезекті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Барлығы қыстың қамына кірісіп кеткен. Жағдайдың тұрақсыздығына байланысты адамдар көптеп азық-түлік алып қойғысы келеді. Барлығына қолжетімді болуы үшін жеңілдік жасаймыз. Алайда адамдар одан сайын көп тамақ алады», – дейді сатушы.

36 жастағы Ольга – мектеп мұғалімі. Сейсенбіде үйінде су тоқтап қалғандықтан ол да бүгінде кезекте тұруға мәжбүр.

«Үйде қазір су, жылу мен жарық жоқ. Кешкілік уақытта біз майшаммен отырамыз. Жарық жанса да тұрмыстық техниканы да қоспауға тырысамыз. Осылай қаланы тоқпен қамтамасыз етуге өз үлесімізді қосамыз. Мектепте сабақ генератордың көмегімен өтеді. Жарық болмаған күнін өзінде де сабақты өткізу үшін бар жағдайды жасауға тырысамыз. Мұғалімдер бұрынғы мектеп кезіндегідей – кітаппен немесе тақтаға жазу арқылы түсіндіруде», – дейді мұғалім.

Өз сөзінде мұғалім білім алушылардың соғысқа үйреніп те кеткенін айтты. «Оқушылар сабақ кезінде әскерлердің суретін салады. Жоғары сынып оқушылары солдаттарға маскировка тігеді. Ал дабыл қағылғанда біз жерге төлеге тығамыз. Олар барлығын түсінеді. Олар енді соғыстан қорықпайды», – дейді Ольга.

Ауа райы салқындалған сайын тұрғындардың ыстық тамақ ішкісі келетіні табиғи заңдылық. Бірақ қазіргі жағдайда ыстық тамақ ішуге мүмкіндік жоқтың қасы. Қазіргі кезде температура соншалық төмен болмағанымен қараша мен наурыз аралығында бұл аймақта күн қатты суытады.

Киев башылығы мектептерде, балабақшаларда және қаланың басқа да орындарында түгенше жарай болған кезде пайдаланатын 1000-ға жуық «жылтыу пункттерін» орнатуға тырысып жатқанын айтты. «Біз оқиганың жалғасуы туралы түрлі сценарийді қарастырып жатырмыз. Ең қиыны қала жарық, су және жылуысыз қалуы», – делі мэр «Киев» телеарнасының эфирінде.

Әскери сарапшылар алдағы айда Украинаның шығысында аяз болғандықтан соғыстың қарқыны баяулауы мүмкін деп болжайды. Бірақ Украинаның электр желісіне жасалған шабуыл салдары бүкіл елдегі үйлер мен кәсіпорындарға кері әсер ететіні анық.

Украина президенті Владимир Зеленский өткен аптада кезекті шабуылдан кейін: «Варварлар біздің энергиямызға шабуыл жасауда. Бірақ мен бұл зұлматтан батылдықпен және абыроймен өтетінімізге сенімдімін», – делі.

Зеленский елінің суық және қиын қысқа дайындалып жатқан кезде халықаралық көмекті қамтамасыз ету үшін күш салуда. Сейсенбі күні ол Киевте Еуропалық энергетика комиссиясының жоғары лауазымды қызметкерімен кездесіп, ұлттық ресурстарды нығайту жоспарын талқылады.

Үкімет мәлімдемесіне сәйкес, ол Украинаның энергетикалық инфрақұрылымын қайта құру қажеттілігін егжей-тегжейлі айтып, Еурокомиссияны ЕО-ға мүше елдердің көмегін тартуда үйлестіруші рөл атқаруға шақырды.

Франция президенті Эммануэль Макрон Зеленскийге Париждің Украинаға қыстан шығуға көмектесетінін айтты.

4 БЕТТЕ



Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

ЖУРНАЛИСТІҢ ОРНЫ ҚАШАНДА ЖОҒАРЫ

Мұнан соң министр аймақ тұрғындарымен кездесті. «Достық» үйінде өткен кездесуге облыстың зиялы қауым өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесуді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, Мемлекет басшысының ашық азаматтық қоғамды дамыту, жастар саясаты секілді негізгі салаларда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Елімізде тұрақтылық пен даму басты қағида екені белгілі. Осы ретте облыста жүйелі әрі кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні өңірімізде қоғамдық саяси ахуал тұрақты. Ашық азаматтық қоғамды қалыптастыру бағытында бірқатар оң өзгеріс бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары аймақта 15 үкіметтік емес ұйым болса, бүгінде олардың саны 1200-ге жуықтап отыр. Соңғы 10 жылда қаржыландыру көлемі де сәйкесінше артты. Үкіметтік емес ұйымдардың бастамаларына қолдау көрсетіп, жағдай жасау мақсатында биыл облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығын ашуға жұмыс істеп жатыр.

Ашық ақпараттық қоғамның айнасы бұл – бұқаралық ақпарат құралдары. Қазіргі таңда облыста 132 БАҚ-та 2500-ге жуық қаламгер жұмыс істейді. Оның ішінде 119 тәуелсіз БАҚ бар. Соңғы екі жылда өңірімізде 20-дан аса ақпараттық интернет ресурстар ашылып, аймақ жаңалықтарын таратады.



бын бірі – жастар саласы. Өңірлердегі жұмыссыз жастарды есепке алу, оларды жұмысқа тарту, кәсіпке баулу секілді мәселелер заң жобасында көзделген.

Бүгінде қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды тарту, өзекті проблемаларды шешуге қатысу үшін оларға барлық қажетті мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

Қазіргі кезде республика бойынша 17 мыңға жуық үкіметтік емес ұйым жұмыс істеп тұр. Оның ішінде Қызылорда облысында 2022 жылы 835 ҮЕҰ тіркелген. Сонымен қатар республика бойынша үкіметтік емес секторды қолдау үшін шамамен 1,8 мың жобаны іске асыру көзделген.

Қызылорда облысында осы жылы 105 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда.

БАҚ-ты қолдауға назар аударылады деп жоспарланып отыр.

– Шынығына келгенде, қазіргі уақытта баспа басылымдарына оңай болып тұрған жоқ. Сондықтан оларға мемлекет тарапынан бірқатар қолдау шаралары жасалуда. Мысалы, қазіргі таңда министрлік баспа басылымдарға салықтық жеңілдіктер, яғни құн салығын алып тастау ұсынысын Үкіметке енгізу үшін тиісті талдау жүргізіп жатыр. Тіпті, баспа басылымдар еңбекке төлеу қорынан салықтардан және міндетті аударымдарды төлеуден босатылған жағдайда, үнемделген қаражатты басылымдардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға, контент сапасын жақсартуға жұмсауға мүмкіндіктері болады.

Тұтастай алғанда, құқықтық реттеу тетіктері барлық конституциялық құқықтардың сақталуын ескере отырып, сөз бостандығына кепілдік беруге, заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға бағытталмақ, – деді министр.

Сонымен қатар жиында БАҚ өкілдері өз сауалдарын қойып, көкейде жүрген мәселелерді айтты. Мәселен, «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшұлы, «Сыр медиа» ЖШС бас редакторының орынбасары Айжан Жумабекқызы, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының бас редакторы Айнур Нұрланқызы секілді әріптестер газеттің бүгінгі жағдайы, баспасөзге жазылу, ақпаратқа қол жеткізу, достірлі медиа мен әлеуметтік желі жайында сұрақтар қойды. Ал Сәдуақас Аңсағат тіл және телеарна контенті мәселесін көтерді.

Сондай-ақ облыс жастары атынан Нұрболат Қоңқабаев жастардың үйі алу бағдарламасына қатысты сұрақ қойды. Онда акын Шокизидә Әбдікерімов телерадио сигналдарының тарифына қатысты мәселені шешілу жолдарын қарастыруды айтты.

Содан кейін министр азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, ұсыныс-пікірлері мен арыз-шағымдарын тыңдады.

Министр Дархан Қыдырәлі жұмыс сапарында «Қызылорда» телеарнасының ұжыммен жүздесіп, техникалық базасын аралап көрді. Телеарна студиясында БАҚ өкілдеріне арнап брифинг берді.

– Сыр өңірінде ұлттық басылымдардың тамыры терең жайылып, ұлт зиялылары қалам тербеді. Сол үшін де Сыр өңірі қазак журналистикасында ойып тұрып орын алады. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бірнеше бағытты қамтиды. Соның ішінде ақпарат саласының орны ерекше. Олай дейтін себебіміз, минут сайын ақпараттың ағыны өзгеріп отырғанда, журналистердің жедел, нақты, шынайы әрі бейтарап жапалықты дер кезінде халыққа ұсынуы ерлікпен тең. Жалпы министрлік БАҚ туралы жаңа заң жобасында журналистердің мәртебесін көтеру және олардың статусын айқындау үшін арнайы ереже қарастыруда. Сондай-ақ интернет және онлайн платформаларды реттеу мәселесі қарастырылуда. Нақты ақ-

парат алуды жеңілдету үшін заң қайта қаралады. Сондай-ақ алдағы жылы тілшілердің табысына да қатысты мәселе де шешімін табады, – деді министр.

Сыр қаламгерлері министрге көкейде жүрген сауалдарын қойды.

Министр Дархан Қыдырәлі қазіргі таңда ұлттық рухани мұраны дамыту мәселелері қолға алынып жатқанын айтты. Сондай-ақ түрік, үнді сериалдарын да көрсетуге тыйым салынууда. Осылайша бірте-бірте ұлттық сериалдарды, ұлттық құндылықты дамытатын бағдарламаларды көбейту мәселелері алға қойылғанын жеткізді. Яғни министр ретінде журналистердің мәртебесін көтеру, БАҚ-тың қоғамдағы орнын қалыптастыру секілді мәселенің шешімін табуға жұмыс жасамак. Ол үшін оқырман мен көрерменнің қызығушылығын оятып отырған бағдарламалар мен мақалалар көлемі артуы қажет екенін айтып өтті. Себебі қызығушылықты оята алмай, сұраныс артапайды. Сондықтан бәсекеде озық тұру үшін сұраныс болуы керек. Бұл үшін ізденіс қажет. Яғни бұқаралық ақпарат құралдары заман талабына сай жұмыс істеп, білім мен тәжірибені арттыра түсуі тиіс.

Министрдің Сыр еліне сапары Жаңақорған ауданында қорытындыланды. Онда аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясына барып, ұжыммен кездесті.

Министр кездесу кезінде Қызылорда өңірінде руханияттың туы әлі де биік, қадірі үстем екенін айтты. Сондай-ақ Сыр журналистикасының орны ерек екенін, тарихы тереңде жатқанын жеткізді. Күре жол бойында қоныс тепкен аймақтың қалаларында, елді мекендерінде газет тасымалы мәселесі онғайлы шешілгенін атап өтті. Осы бағытта басылымдарды өзі шығарып, өзі тарататын «Сыр медиа» серіктестігінің жұмысын үлгі етті.

Ал «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев дәстүрлі медиа мен жаңа медианы үйлестіре отырып, серіктестік қызметін дамытуға күш салынып жатқанын жеткізді.

«Жаңақорған тынысы» газетінің бас редакторы Баян Үсейінова 90 жылдық тарихы бар газеттің жай-күйін баяндап, редакция журналистерінің жұмысын саралады. Аудандық газет оқырман көңілін шығып отыр. Редакцияның жаңа жана гимаратын жұртшылықтың асармен салып бергені де осының дәлелі.

Кездесуде ведомство басшысына аудандық газет тілшілері көкейіндегі сұрақ қойып, ұсыныстарын айтты. Олар жұбасы әзірленіп жатқан масса-медиа туралы заңда журналистер мәртебесі айқындалса деген тілегін жеткізді.

Басқосу соңында бас редактор Баян Үсейінова министр Дархан Қыдырәлімен «Жаңақорған тынысы» газетінде шыққан үлгілі материалдардан топтастырылған «Дәуір айнасы» жинағын тарту етті.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген Н.НҰРЖАҒАБАЙ



КӘСІПТІ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ

Соның бірі – жеке кәсіпкер Жәнібек Бердешов. Ол Қызылжарма ауылдық округінен өз қаражатына «Green house» жылыжай кешенін ашып, одан аптасына жарты тонна өнім алууда. Қазіргі кезде жылыжай кешенінің аумағы – 10 сотық. Кәсіпкер бұл жобаны өз қаржысымен жүзеге асырып, бірнеше отбасыны жұмыспен қамтыды. Алақандай жерден әлеуметтің сұранысына сай өнім ұсынған жеке кәсіпкерге қала әкімі жан-жақты көмек көрсетілетіндігін жеткізді. Былтыр қыар еккен кәсіпкер был жыл қызылорда өсіруде. Бұл өнім жыл соңына дейін жемісін бермек. Бір ерекшелігі, кәсіпкер өнімді базардан 20 процентке дейін төмен бағада ұсынады. Сондай-ақ қаладағы әлеуметтік дүкендерді қамтамасыз етеді.

– Негізгі Қызылорданың тумасымын. Қызылорда қылыдай Астанада тұрып келдім. Өткен жылы туған жерге қайта келіп, жылыжай кәсібін қолға алып, қыар ектім. Осылайша 9 млн теңгенің өнімін сатып, нәтижесін көрдім. Енді был қызылорда өсіріп, одан 6 млн теңгеді пайда табуды көздеп отырмын. Бүгінде кәсіпімді кеңейту мақсатында мемлекеттен жер сұрадым. Қала әкімдігі қолдау көрсетсе, жылыжай орналасқан көшенің абаттануы мен жарықтануы өз мойныма алар едім, – деді жеке кәсіпкер Жәнібек Бердешов.

Жасыратын несі бар, бүгінде шаруалар жергілікті халықты жеміс-жидек, көкөніспен толық қамтамасыз ете алмауда. Сондықтан жеке кәсіпкерлер бұл өнімдерді Өзбекстаннан алдырып, елге қымбатқа тасымалдауға мәжбүр болуда. Қазіргі кезде баға тұрақсыздығының бір себебі осы. Бұл мәселені шешу үшін жылыжай өндірісін дамытуға мықтап қолға алу қажет. Ал бұл бағыттағы кәсіпке ынталыларға барынша жағдай жасалғаны абзал.

Сонымен қатар баспасөз туралы барысында қала әкімі Ақсуат ауылдық округі аумағындағы жылыжай кешенінің жұмысымен танысты. Бұл жылыжайдың жұмыс бастағанына үш жылдай уақыт болды. Бүгінде жеке кәсіпкер Бауыржан Нұрмағамбет те жылыжайды кеңейту үшін мемлекеттен жер сұрап отыр. Ол мемлекеттік бағдарлама арқылы шаруашылықты бастап, қазір дүкен иелерінің күнделікті тапсырысын орындауда. Аптасына жарты тоннаға жуық қыар, қызылорда алтын «Папағат» брендімен танымал кешенде 4 адам еңбек етеді.

Жылыжай агрономы қыар мен қызылорда бөлек, алдағы 3 жыл ішінде қала тұрғындарына лимон ұсынуды жоспарлап отыр. Өйткені шет мемлекеттен алынған лимон көшеттері қазір жерсініп, өркен жайып келеді. Дегенмен жылыжай ісін ілгерілету үшін бірқатар жұмыс атқарылуы керек. Осыған орай қала басшысы кешенді ұлғайту, дамытуға байланысты ұсыныстарға қолдау жасалатынын жеткізді. Сондай-

ақ мұндай шаруашылықты көбейту үшін кәсіпкерлерге семинар-тренингтер округінен өз қаражатына «Green house» жылыжай кешенін ашып, одан аптасына жарты тонна өнім алууда. Қазіргі кезде жылыжай кешенінің аумағы – 10 сотық. Кәсіпкер бұл жобаны өз қаржысымен жүзеге асырып, бірнеше отбасыны жұмыспен қамтыды. Алақандай жерден әлеуметтің сұранысына сай өнім ұсынған жеке кәсіпкерге қала әкімі жан-жақты көмек көрсетілетіндігін жеткізді. Былтыр қыар еккен кәсіпкер был жыл қызылорда өсіруде. Бұл өнім жыл соңына дейін жемісін бермек. Бір ерекшелігі, кәсіпкер өнімді базардан 20 процентке дейін төмен бағада ұсынады. Сондай-ақ қаладағы әлеуметтік дүкендерді қамтамасыз етеді.

Бір қуанарлығы, Сыр өңірінде Ресейдің сапалы есіктерінен кем емес сыртқы және ішкі есіктер шығарылууда. Кәсіпкерлік нысандарды аралау барысында Жаппасбай батыр көшесінде орналасқан «Примжанов» ЖК цехының жұмысымен таныстық. Жеке кәсіпкер Дәулет Примжанов өз қаражаты есебінен құны 150 млн теңгені құрайтын жобаны бастап, сапалы есіктер дайындауда. Бүгінде 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған қоспорида күніне 20 есік сатылымға шығарылады. Алдағы уақытта осы жұмысты екі есеге дейін арттыруды көздеп отыр. Жеке кәсіпкер өндіріс цехын өткен жылы іске қосты. Бүгінде өнімдері жоғары сұранысқа ие. Сондай-ақ қазір тұтынушылары да бар. Заманауи құрылғылармен жарақтандырылған цех өнімі сапалы, бағасы да қолжетімді. Кәсіпкердің енді мақсаты – кәсіпорынның аумағын ұлғайтып, өнім түрін көбейту. Осы мақсатта бұл кәсіпорында мемлекет тарапынан жер сұрауда. Цех жұмысымен танысқан қала әкімі шеберлерге ризашылығын білдіріп, мемлекет қолдауын тиімді пайдаланып отырған кәсіпкердің ісі ала орлеуіне тілек-тестігін білдірді.

– Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында оларды жеке қабылдап, ұсыныстарын тыңдап, әкімшілік тарапынан қандай қолдау көрсету керекін анықтап, заңдық тұрғыда жан-жақты зерттеп жатырмыз. Бүгінгі күнде, әрбір кездесуде көтерілген мәселе бойынша жеке кәсіпкерлердің нысандарына келіп, кәсіпкерлермен танысып, жұмыс барысын көзбен көріп отырмыз. Осы жылы кәсіпкерлікке байланысты 7 млрд теңгеге жуық несие берілді. Қазіргі кезде кәсіпкерлерді қолдау мақсатында мемлекеттен түрлі гранттар бөлінуде. Оның жолдарын, қалай алу керекін халыққа айтып, ақпараттандырып отырмыз. Әрі қарай жүзеге асыру бойынша көмек көрсетіп, қадағалап, жол сілтеудеміз. Бүгінгі нысандарды аралау барысында кәсіпкерлермен кездесіп, жылыжай жұмысын әрі қарай жандандыруға қандай мүмкіндік барын сұрадық. Жылыжай жұмысын дөңгелегітіп отырған кәсіпкерлерден жастарға жол сілтейміз, үйретеміз деген үзедісін де алдық. Жалпы кәсіпкер айналысамын деген әрбір азаматқа мемлекет тарапынан барлық мүмкіндік бар, – деді қала әкімі.

Елімізде отандық өнімге қашанда сұраныс жоғары. Сондықтан жеке кәсіпкерлер халықтың сұранысын қанағаттандыра, сырттан келген өнімге де мұқтаждық азаяды.

Басы 1-бетте

Ақмарал ОЛЖАБАЙ



Қоғамның негізгі қозғаушы күші – жастар. Облыс халқының 22 пайызын жастар құрап отыр. Аймақта 10 жастар ресурстық орталығы бар. Соңғы жылдары жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға бірқатар шаралар қабылданды.

Жыл басынан бері облысымыздағы этносаралық саладағы ахуал және этностық топтар арасындағы өзара қарым-қатынас тұрақты әрі қалыпты негізде сақталып отыр. Аймақтағы дини ахуал тұрақты, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Кездесуде Дархан Қуандықұлы министрліктің негізгі бағыттары ақпарат, азаматтық қоғам, дін, жастар және этносаралық қатынас бойынша жасалып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ол Үкімет мүшесі ретіндегі алғашқы сапарын Алаштың анасы атанған Сыр елінен бастағанын, негізгі мақсат аймақ халқының ұсыныс-тілегін тыңдау екенін жеткізді.

– Ашық әрі әділ қоғам азаматтық қоғаммен тікелей байланысты. Қазір бізде азаматтық қоғам дамып келеді. Соңғы жылдары қоғамдық кеңестердің жұмысы артты, үкіметтік емес ұйымдар белсенді жұмыс істеді. Сонымен қатар волонтерлік, қайырымдылық жасау деген халқымыздың ізгі қасиетінің бірі. Әсіресе жастардың оқуға түсуіне мүмкіндік қарастыру сияқты көптеген бастама бар. Еліміздегі маңызды сала-

Басы 1-бетте



– «Бақыла» қоғамдық қозғалысы жөнінде толығырақ тоқталсаңыз...

– Қоғам кезектен тыс Президент сайлауының ашық әрі әділ өткенін қалайды. Сондықтан осы мақсатта «Бақыла» қоғамдық қозғалысы республикалық деңгейде жұмысын бастады. Көптеген бақылауда тәжірибесі бар Дос Қошім, саяси мәселелерді талдап жүрген Асхат Хасанғали секілді азаматтар бірлесіп, республика көлемінде осы қозғалысты қолға алды. Жалпы бұл қозғалыстың жұмысы 20 қарашада болатын кезектен тыс Президент сайлауында бақылау жасау. Бақылау жасау дегеніміз белгілі бір деңгейде демократиялық

ЖАСТАР БАҚЫЛАУШЫ БОЛУҒА ҮНТАЛЫ

Алда үлкен саяси науқан. Бұл сайлаудан халық үміт күтіп отыр. Президент сайлауы әділ өтеді әрі оған лайықты үміткер сайланады деп сенеді. Кезектен тыс президент сайлауы қарсаңында тәуелсіз «Бақыла» қоғамдық қозғалысы құрылды. Мұндағы мақсат – азаматтардың дауысының бұрмалануын кетпеуін, ұрланбауын, қоқыс жәшігінде жатпауын қадағалау. Сонымен қатар бақылаушының құқығын қорғау – назарда. Қазіргі таңда бүкіл ел аумағында қозғалыс мүшелері жұмыс істеді. Біз Қызылорда облысы бойынша бақылауды үйлестіруші Талғат Меңдібаймен қоғамдық қозғалыстың негізгі жұмыстары жөнінде сұхбат жүргізгенді жөн көрдік.

қоғамның көрсеткішін көрсетеді. Өйткені бізде еріктілік негізде бақылаушылар қатысып, сол жерде құқық бұзушылықтар орын алып жатса соны тіркейді де әрі қарай мәлімдеме жасайды. Ол мәлімдеме сәйкесінше ұсыным хат болып беріледі. Қозғалыс қазіргі таңда 26 қала бойынша жұмыс істеп жатыр. Республикалық штаб бар. Әр қалада өзінің штабтары бар. Қаладағы ашық сайлау учаскелерін қамтиды. Қозғалысқа бірнеше үкіметтік емес ұйымдар ерікті негізде қосылаған. Біздің мақсат – сайлаудың шынайы өтуіне атсалысу.

– Бақылаушылар институтын дамыту – үлкен жауапкершілік. Бұл қозғалысқа қызығушылық танытып жатқандар көп пе?

– Иә, біз әлеуметтік желіге «Бақылаушыларды іздейміз» деп жарияладық. Қазақстан бойынша 6 мыңға жуық бақылаушыны оқыту жоспарлаған. Сол тарапта біраз адам кері байланыс жасап, хабарласты. Қызығушылық танытқан азамат көп. Бақылаушылардың жасына шектеу жоқ, 18 жастан асса болды. Алайда басымдық жастарға беріледі.

Қызылорда қаласында 99 сайлау учаскесі бар. Солардың әрқайсысына бір-бір адамнан коюды жоспарлап отырмыз. Оларды оқытамыз. Көбіне жастардың қызығушылық танытуы қуантады. Өйткені жастар – қоғамның күші.

Ескеретін жайт, бақылаушыларға қаржы төленбейді, тек қана саяси тәжірибе мен азаматтық қоғамды дамыту мүмкіндігін береді.

– Бақылаушыларды даярлау жөнінде айтып өтсеңіз...

– Белгілі саясаттанушылар мен қоғам белсенділерінен құрылған ұйым тәуелсіз бақылаушыларды оқытып, сайлауға дайындайды. Оқыту курсы бүкіл ел аумағында офлайн және онлайн түрде өтеді. Дәрісте сайлау процесі жайлы толық түсіндіріліп, құқықтық білім беріледі.

Ең алдымен қалаға жауапты үйлестірушілерге, Дос Қошім ағамыз бақылаушылар жайлы сабақ өтті. Бақылаушылар даярлау шағын комплекстік класс секілді бөлініп өтеді. Бақылаушылардың құқықтары, олар қандай алгоритмдер жасайды? Мысалы, таңғы 6-00-ден кешкі сағат 20-00-ге дейін бақылаушы орынды отыру керек. Оның арасында түскі асын ішіп алуға, уәкесіне дауыс беріп қайтуға құқылы. Сондықтан да бақылаушылар даярлау біздің қалада қолға алынуда.

– Бақылаушылардың құқықтары мен міндеттері қандай?

– Бақылаушылар қандай да бір партияға мүше болмауы керек. Қозғалыс кандидаттарды

қолдамайды, мақтамайды немесе даттамайды, процесі бейтарап бақылайды.

Бақылаушының құқықтарына тоқталып өтсек, ол таңғы 6-да келіп отыруы керек. Сол жердегі сайлау учаскесінің басшысымен танысып, өзінің жолдамасын көрсетеді. Тек қана отырып бақылайды. Оның құқығы сайлау жәшігінің дұрыс тұруы, сайлау учаскесінде белгілі бір кандидаттың суретінің тұрауы, барлық кандидаттың есімі біркелкі жазылуы деген секілді мәселелерге көңіл аударлады. Сонымен қатар сайлау барысын бақылаушы өзінің күнделігіне жазады. Қандай құқық бұзушылықтар, тәртіптер бұзылғаны жөнінде. Бұл жерде бірнеше партияның бақылаушылары, ерікті бақылаушылар, тәуелсіз және шетелден келген бақылаушылар барлығы бірге жұмыс істейді. Олардың негізгі міндеті – сайлаудың шынайы өтуін қарау, заңсыздықтарды тіркеу, азаматтардың таңдауының бұрмалануына жол бермеу. Яғни сайлауда әр азаматтың таңдауына құрметпен қарап, берілген дауыстың тиісті жерге жетуіне атсалысу. Бұл – тәуелсіз бақылаушылардың басты позициясы.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен АЙТҚАНОВА

«Energy Prom» сайты жақында мынадай мәлімет жариялады. ТМД және Орталық Азия бойынша электр энергиясын көп тұтыныатын елдер арасында Қазақстан екінші орында. Яғни бір адамға 4,9 мың квт.сағ. Электр энергиясын пайдалануда ең төменгі көрсеткіштер Молдовада (бір адамға 1,3 мың квт.сағ), Тәжікстанда (бір адамға 1,5 мың квт.сағ) және Өзбекстанда (бір адамға 1,6 мың квт.сағ) екен. Электр энергиясын тұтыну мөлшеріне тариф тиімділігі мен халықтың орташа табысы әсер етеді екен. Демек, біздің елде жарықты онды-солды пайдалану халықтың қалтасына салмақ салмайды деген сөз бе? Шынында, ойланатын жағдай.

ЖАРЫҚТЫ



неге үнемдемейміз?

Сарапшылар пікірінше, электр энергиясының арзан әрі тиімділігі есепсіз тұтынуға әкелмеуі тиіс. Себебі электр энергиясын өндіру процесі орасан зор табиғи ресурсты пайдалануды қажет етеді. Сонымен қатар экологияға да теріс әсері бар. БҰҰ мен дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның сарапшылары 2021 жылы климаттың өзгеруінің төрт негізгі көрсеткіші – парниктік газ концентрациясы, теңіз деңгейінің көтерілуі, мұхиттың жылынуы және оның қышқылдануы рекордтық мәнге жеткенін атап өтті.

тасқыны, құрғақшылық, аптап ыстық пен қатты суық. Бүгінде Қазақстанда климаттың өзгеруіне байланысты төтенше жағдайлар сезілуде. Сонымен қатар өрт қаупінің жоғарылауы, азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ету, жаппай ауруға әкелетін атмосфералық шығарындар мәселелерін де атап айтуға болады.

Мәселені шешудің жолы – баламалы энергия көздеріне біртіндеп көшу және әрбір тұрғын электр энергиясын үнемдеуі қажет. Бұл ретте мамандар жарықты үнемдеуі үшін пайдалы кеңестер ұсынады. Оқырмандар үшін де артық болмас. Сонымен, жарықты үнемдеудің жолы қандай?

– Жарықдиодты жарықтандыруға көшіңіз. Бұл экономикалық және экологиялық жағынан да тиімді.

– Жарық реттеушіті пайдаланыңыз. Бұл – бөлме ішіндегі жарықты қалауыңызға қарай реттеуге және ең бастысы, үнемдеудің бір жолы.

– Үйде, ғимараттардың жарығын қажет болған жағдайда жақпауды әдетке айналдырыңыз және бір мезгілде жарықтың бәрін бірдей жарқыратып қоюдың қажеті жоқ.

Электр энергиясының арзан әрі тиімділігі есепсіз тұтынуға әкелмеуі тиіс. Себебі электр энергиясын өндіру процесі орасан зор табиғи ресурсты пайдалануды қажет етеді. Сонымен қатар экологияға да теріс әсері бар. БҰҰ мен дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның сарапшылары 2021 жылы климаттың өзгеруінің төрт негізгі көрсеткіші – парниктік газ концентрациясы, теңіз деңгейінің көтерілуі, мұхиттың жылынуы және оның қышқылдануы рекордтық мәнге жеткенін атап өтті.

– Тұрмыстық техника сатып аларда энергияны тиімді пайдаланатынына мән беріңіз. А, А+, А++ сәттары энергия үнемдейтін техникалар қатарында. Бұрынғы техникаларды жаңаға ауыстыру 40 пайыз электр энергиясы шығынын қысқартады.

– Электр плиталарын да тиімді қолданыңыз. Плита көзіне лайық ыдыстарды пайдаланып, ыдыстың қақпағын жауып қойыңыз. Плитаны тамақ даярлар алдында ұзақ қыздырудың да қажеті жоқ, 3-5 минут жетіп жатар.

– Электр шайнегің де отбасы санына лайық етіп алыңыз. Бәрін мөлшерімен пайдаланыңыз.

– Кір жуатын машинаны да дұрыс таңдаңыз. Жоғары санатты техника суды да, электр энергиясын да үнемдейді.

– Электр энергиясының 40 пайызы жылытуға жұмсалады. Сол үшін үйдің, пәтердің жылуына, есік-терезелердің дұрыс жабылуына, жылу радиаторларының сапалылығына мән беріңіз. Бұл электр энергиясы шығынын 50 пайызға қысқартады.

– Суды үнемдеңіз. Суды пайдалану, жылыту және тағысын тағы қаншама электр энергиясын шығындауға жол беретінін әрдайым есте ұстаныңыз.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ӨРТ БОЛСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Тілсіз жау қашанда қауіпті. Әсіресе өрттен келер қауіп көп. Ал өрт шықса не істеу керектігін көбі біледі деу қиын. Сондықтан оның алдын алу шараларын жүргізудің маңызы жоғары. Міне, осындай оқу-жаттығуды облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі өткізді.

Жалаңтос Бахадүр атындағы «олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттың» жатақхана ғимаратында өрт-тактикалық оқу-жаттығу ұйымдастырылды. Бұл жатақхана 250 тәрбиеленуші тұратын Қызылордадағы ірі білім беру нысандарының бірі. Мектеп-интернат кешенінің құрамына оқу ғимараты, жатақхана, асхана, көкөніс қоймасы, шаруашылық корпусы мен гараждар кіреді.

Оқу-жаттығудың тактикалық жоспары бойынша өрт үшінші қабаттағы жатақхана бөлмелерінің бірінде орын алып жатқаны туралы хабарлама 16 сағат 15 минутта «112» құтқару қызметіне келіп түсті. Аталған шақырту бойынша өрт сөндіру қызметінен арнайы күштер мен құралдар жұмылдырылды. Ал қажетті көмек келгенше интернат қызметкерлеріне балаларды ғимараттың корпусынан шығару үшін бес минуттан аз уақыт қажет болды. Жедел жеткен өрт сөндірушілер барлау жұмыстарын жүргізіп, газ түтінінен қорғау буындары ғимарат ішінде қалып қойған 4 зардап шегуші оқушы шығарылды.

– Жаттығудың негізгі мақсаты өрт сөндірушілердің кәсіби шеберлігін шыңдау. Сонымен қатар мектеп қызметкерлері мен оқушыларға өрт жағдайында өзін қалай ұстау қажеттігі және аламдардың қауіпсіз жерге өздігімен шыға алу тәсілдерін үйрету де маңызды. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану әдістерін көрсету де осы шараның негізгі мақсатының бірі болды, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» бастығы Әбділда Бақсеев.

Департамент басшысы сондай-ақ мұндай жаттығулар өткізу өрт сөндіруші мамандарға қандай оң нәтиже беретінін де айтып берді.

– Төтенше жағдай айтып келмейді. Ал біздің өрт сөндіруші кез келген жағдайда дайын болуы керек. Осындай жаттығулардың нәтижесінде өрт сөндіруші және офицерлік құрам нысанның конструкциялық ерекшеліктерімен, эвакуациялық жоспарымен танысады. Бұл өз кезегінде тілсіз жауды дер кезінде өшіріп, зардап шеккен азаматтарды аман алып қалу үшін физикалық және тактикалық дайындығын шыңдайды. Мәселен, нысанды ток көзінен ажырату орны, жакын орналасқан су көздері, күндізгі және түнгі мезгілде болатын адамдардың санын анықтайды. Жаттығу кезінде берілген дәрістер мен тәжірибелік із-шаралар төтенше жағдай уақытында адамдардың өз өмірлері мен жақындарын қорғауға септігін тигізеді, – дейді азаматтық қорғау полковнигі Әбділда Сәрсенбайұлы.

Мұның салдары да болатыны сөзсіз. Атап айтқанда, тропикалық циклондар, дауыл, су



Жалпы облыс аумағында 14 өрт сөндіру бөлімі мен 2 өрт сөндіру бекеттері, сонымен қатар Қызылорда қаласында және Қамыстыбас елді мекенінде 1 жедел құтқару жасағының станциясы бар. Дегенмен қала және аудан аумақтары кеңеюде. Заманауи биік ғимараттар мен көпқабатты тұрғын үйлер көптеп бой көтеруде. Мамандардың айтуынша Қызылорданың сол жағалауынан бой көтерген жаңа ықшама ауданына өрт сөндіру бөлімін және Арал ауданы Сексеуіл кентіне өрт сөндіру бекетін салу маңызды болып отыр.

Ал техникалық жабдықтау бойынша бүгінде өңірде автотехникалар саны 106 бірлікті құрайды екен. 2020-2021 жылдары республикалық бюджеттен 9 бірлік техника, жергілікті бюджеттен 3 бірлік негізгі өрт сөндіру автокөліктері берілген.

А.БІРКЕНОВ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес 2022 жылғы IV тоқсанға арналған Қызылорда қаласы әкімінің қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесу өткізу КЕСТЕСІ

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	Белкөл кенті №189 орта мектеп	2022 жылғы 23 қараша сағат 9:00
2	Тасбөгет кенті С. Майқанова атындағы мәдениет үйі	2022 жылғы 23 қараша сағат 11:00
3	Қызылжарма ауылдық округі Мәдениет үйі	2022 жылғы 23 қараша сағат 16:00
4	Қосшынырау ауылдық округі Мәдениет үйі	2022 жылғы 24 қараша сағат 9:00
5	Қарауылтөбе ауылдық округі №179 орта мектеп	2022 жылғы 24 қараша сағат 11:00
6	Ақжарма ауылдық округі Мәдениет үйі	2022 жылғы 24 қараша сағат 16:00
7	Қызылзек ауылдық округі Ауылдық округ клубы	2022 жылғы 25 қараша сағат 9:00
8	Талсуат ауылдық округі №178 орта мектеп	2022 жылғы 25 қараша сағат 11:00
9	Ақсуат ауылдық округі Мәдениет үйі	2022 жылғы 25 қараша сағат 16:00

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	М.Ералиева атындағы мәдениет үйі	2022 жылғы 28 қараша сағат 11:00
2	№101 мектеп лицейі	2022 жылғы 28 қараша сағат 16:00
3	А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі	2022 жылғы 29 қараша сағат 11:00

Халықпен кездесулер өткізілгеннен кейінгі жергілікті атқарушы органдардың, әлеуетті құрылымдардың / прокуратура, полиция/ басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерінен азаматтарды жеке қабылдауды өткізу кестесі

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	«Аманат» қалалық партиясы ғимараты	2022 жылғы 30 қараша сағат 9:00-13:00-ге дейі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-дан лизингке техника алу жөнінде құрылтайшылар жиналысы өтетінін хабарлайды. Өтетін орны мен уақыты: 2022 жыл 5 желтоқсан күні сағат 10.00, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шаған ауылы, Есет би №7.

«Шаған жер» ЖШС әкімшілігі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талпатарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін, үзіліс уақыты 13:00-ден 15:00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына – Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талпатарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 70-10-02 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

БАҒДАР

Қазақстанның жоғары оқу орындарына жаңа міндеттер қойылды. Отандық білім беру орындарында өнеркәсіп инженерлерінің жаңа буынын тәрбиелеу, техникалық мамандарды дайындау қажеттілігі басты назарға алынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес өкілдерімен кездесуде «Қазір біз техникалық бағыттағы мамандықтарға көбірек назар аударуымыз қажет» деп мәлімдегені белгілі.

Алдағы уақытта өзекті болатын мамандықтардың атауларын біліп отыру бүгінгі күнде өте маңызды. Себебі халықаралық дамуға сай еңбек нарығындағы жағдай екпіндей ауысып отырады. Сондықтан да қазіргі заманғы экономикалық нарықтың ерекшеліктерін ескеру аса маңызды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай, Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Тез өзгеретін әлемде бейімделе алатын техникалық озық, өнімді жұмыс күшін құру үшін адам капиталына инвестициялар өте қажет. Білімге, дағдыға және тұрғындардың қабілеттеріне инвестициялаушылар болашақтың табысты экономикасын іске асырушылар болатыны анық. Білімге

дау, жастарға жан-жақты білім беру, теория мен практиканы ұштастыра білу мен техникалық, кәсіптік маман даярлауға басымдық беріледі. Жастар тек білім алып қана қоймай, білікті де тәжірибелі маман болу

Мамандардың болжамы бойынша алдағы уақытта өнеркәсіптік өндіріске байланысты инженерлік мамандықтар жоғары белдеге ие болады. Бүгінгі күнде ең қажет мамандар қатарында инженерлер, химик-тех-

Химиялық инженерия саласының мамандары энергетика саласында ерекше қажеттілікке ие. Энергияның баламалы көздері болашақта аса қажет болады деп болжануда. Химияның инновация мен болашақтың ғылымы ретіндегі мәнін ешқашан да жоймайтын анық. Бұдан кейінгі жақын болашақтың біршама талап етілетін мамандықтары нанотехнологиялармен байланысты. Нанотехнология – молекулалармен және атомдармен жұмысқа негізделген технология. Бұл – біршама затың жасырын және бағалы қасиеттерін пайдаланатын технология. Нанотехнология – үлкен сала, оны үш бөлікке бөлуге болады: микроскопбаларды жасау, наноөлшемдегі роботтарды жасау, сонымен қатар атомдық деңгейдегі инженерия.

Пайдалы қазбаларды өндіру, байыту және өңдеу біздің еліміздің экономикасында жетекші орын алатыны белгілі. Сондықтан жер қойнауын тиімді пайдалану арқаны біліктілігі жоғары мамандарды қажет ететіні сөзсіз.

Н.СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Инжинирингтік технологиялар кафедрасының меңгерушісі,
Т.Г.К

ҚАЙ МАМАНДЫҚ СҰРАНЫСТА БОЛАДЫ?

жұмсалған инвестицияларды жай ғана әлеуметтік қажеттіліктерге кеткен шығын деп емес, экономикалық маңызды іс деп түсіну қажет.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша негізгі міндеттің бірі оқу орны елді индустриалды-инновациялық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары және жоғарыдан кейінгі білімді кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған қарап қазір ғана емес, болашақта да қажет етілетін мамандықтарды ескеріп, талдау қажеттігі туралы қорытынды шығаруға болады.

Қазіргі білім беру жүйесінде бәсекесіне қабілетті маман дайын-



үшін өздеріне артылған жауапкершілікті ақтай білгендері жөн.

Инженерлі-технологиялық маман даярлауды аймақтағы оқу орындары да жүзеге асыратынын ұмытпау керек. Бұл қатарда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бар екенін біз мақтанышып айтамыз.

нолгар, технологиялық машиналар мен техникаларды жабдықтаушылар, кен орындарын іздеу және барлау, мұнай және газ саласының, өнеркәсіп өнімдерінің технологиясы мен құрастыру саласы, тау-кен ісі, пайдалы қазбаларды байыту саласының мамандары тұрады.

Өнер туындысы өмірді ұмытырып, күнделікті тіршіліктен тыс, қиялдағыдай күн кешетін әлемге апаратын пойыздың билеттері сияқты...

Ұрлыққа бала кезден болған әуес, Қан төккіш, мейірімсіз, қара жүрек... – жырдың келесі бөлімінде Кескендерек Тасымқожаұлының Хиуадан қашып келген қарақшы екендігі баяндалған...

Бекежан Айбекұлы ордабасы, Қол жинап, мұсылманға боқты қорған... Бұл жырдың оқиғасын айтушылар Шекті Арыстан Тіленұлы мен Жағалбайлы бии Жанқасқа екен...

хана тойында қарамай қойғаны үшін Жібекке Кескендерек ауыр сөйлеп, тіл тигізеді. «Шекті көп пе, шегіртке көп пе» деген мәтел тарағандай, Жібектің жеті ағасы сол жерде Кескендеректі дарға асып өлтірген екен...

батырдың ұлы Тайлак батыр туралы Батыс Қазақстан облыстық энциклопедиясында да мәлімет бар. Онда Бекежанның ұлы Тайлақтың туған жылы мен қайтқан жылы көрсетілмегенімен, батыр әрі қолбасшы болғандығы айтылады...



Қыз Жібектің Төлегенін атқан кім? (Бекежанды өзіміз өлтірдік пе?)

Әбусағитты қалай өлтіргенін, оның тоқалын алып қашып кетіп, қалың құм ішінде қанғыртып тастап кеткендігін сөз етеді. Сосын: «Менің айтқан кісіме шынадым, өзін қалаған жігіттің Қарабалаға тұрмысқа шығам дейсің» деп, туған қарындасы Қаламақстың төсін шауып өлтіртіп, Ойыл бойына келіп, өзінің жетпіс екі сыйбаласымен баспаналап жүрген нағыз қанішер екендігімен таныс боламыз...

туған ағасы Қарабастан тараған боп шығады. Аталас болғасын Бекежанды ақтап алмаққа болған оқиғаны бұрмалап жеткізген шығар дегуге де болар еді, бірақ Сегізсеріге әңгімелейтінін бірі – Төлегеннің рұласы Жанқасқа би екен. Бекежан қалмақтармен соғысқанда Кескендерек өзінің жетпіс екі қарақшысымен қатысып, сеніміне кіріп алады. Ал Бекежан бірінші әйелі Салиха қайтыс болып, жылын өткізгеннен кейін түрікмен жұртындағы құда түсіріліп қойған қызын алып келуге кеткен уақытта Кескендерек Төлегенге қастандық жасап, жанын алады. Екі жылдан кейін барып, Төлегеннің жоздасын Бекежанға сыйламақ болады...

Зерттеулерге сүйенсек, Бекежан шын мәнінде жауыз емес, Төлегеннің жанашыр ағасы ретінде сипатталған екен. Қазбаша нұсқада, зерттеулерде ол қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресіп, өзінің елін қорғап жүрген қаһарман ретінде аталады. Ел аузында оның ерлігін дәріптейтін біраз жыр сақталыпты. Бекежанның алғашқы әйелі башқұрт тұрмысы Құрамыстың қызы Салихан Қайрақ, Байрақ, Тайлак деген үш ұл, Нұрғұл есімді бір қыз туған. Балаларының үшеуі де кезінде танымал батыр болған. Тайлак 1729 жылы Алматыдан Таразға апаратын ұлкен жолдың шамамен жүз жетпіс шақырымдығы жерде қырық бір күнге созылған, жоңғарларды аныратқан, оларды Іле өзенінің бойындағы апанына дейін тасырған «Аңырақай шайқасы» деп аталған соғысқа Кіші жүздің жасағын басқарса, Байрақ пен Қайрақ мыңбасы екен. Кіші жүздің құрамына кіретін Шекті руынан шыққан Бекежан

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Жолдасов: «Бұл жөнінде соңғы бес жыл ішінде бірнеше мақала мен кітаптарда қозғал, дәлелдер айтып жүрмің. Шыныға келсек, «Бекежан» десе, бүгінгі күні әсіресе, жастарымыздың көз алдына Жібекке қарай Төлеген дарияның жағасында жуынып тұрғанында ту сыртынан келіп, жебесін қадап, өзінің мақсатына жеткеніне мейлінше масаттанып, өлім аузындағы қарсыласына мысқылдай қарап тұрған жауыз-қарақшының бейнесі келері анық. Бұл ұрпақтың санасына лиро-эпостық «Қыз Жібек» жыры нұсқасына сүйеніп түсірілген, бәріміздің сүйіп көретін «Қыз Жібек» фильмінің әсері арқылы қалыптасқаны белгілі. Шешенді «сақау», көсемді «мақау», батырды «сатқың» деп, ақылдыны «топақ» етіп көрсеткеннен ауыр нәрсе бар ма?!», – дейді. Демек көркем жасағын басқарса, Байрақ пен Қайрақ жүрген жөн.

Дипна БӨКЕБАЙ

«Бас болған елдің бұзық наданына, Мәз болған айласы мен амылына. Қожадан ел тонаушы сотқар шыққан Бекежан Айбекұлы заманында. Есімі тонаушының Кескендерек, Тыңдамай ата-анасын, жүрген бөлек.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Темірбек көзін ашса тар қапаста жатыр екен. Әлсін-әлсін тар-тұра ашылып-жабылған темір есіктердің дыбысы ғана естіледі. Басында ойы сан-саққа кетті. Не үшін қамалды? Қанша жылға? Осы сұрақтар оған маза бермеді. Содан соң сап-салқын керует деуге келмейтін бетоннан денесін көтеріп есіктегі саньаулаудан жан-жаққа қарады. Әрлі-берлі жүрген қарауылды көріп, мән-жайды сұрағанда ғана барлығы түсінікті болды.

Жақында танысқан көршісімен далада шүйіркелесіп тұрғанда тағы бір нәрсені білді. Бір сиыр берем дегені пара екен. Пара бергені үшін сотталып та кетеді екенсің. Ал Темірбек ондай адам емес. Ауылдағы учаскелік поли- тауып алған. Міне, осындай адамға қылмыс істе дейді. Қылмыс емей немене? Заң жүзінде жауап беретін болса қылмыс қой.

Бұған дейін болғаны есінде жоқ. Бірақ осының бәрін тар қапаста жатып ойланған қалмай ма? Осыны ойлап әбден дегбірі қашты. Отырды, тұрды, әрі-бері жүрді. Болмады, қылмыс жасады деген ой маза бермеді.


«Жұмыс істемей кетсем де қылмыс жасап нем бар еді? Білдім ғой дұрыс емес нәрсе екенін. Қылмысқа да шайтан итермелейді екен-ау. Қалай пара беріп, қалай ұсталып қалғаным да есімде жоқ. Үйдегі әйел құлақ егімді жегеніне шыдамай осы қылмысқа барсам керек. Ендігі отырысымын айна». Осындай ойлармен өзін кінәлап жатқанда жаураған денесі бүрісіп ұйықтап кетті.

«...Дауысы құлақты жарған қоныраудың дыбысынан көзін ашып, айналасына қарады. Үйінде жатыр екен. Өңі не түсі екенін түсінбей телефонның қолына алды. Белгісіз нөмір екен. «Алло!» – деді. «Темірбек Төлеугелдиев пе екен? «СельХозТех» компаниясынан хабарласып тұрмын. Өткенде жұмыс сұрап келген едіңіз. Өмір бойы ауылда мал бағып, трактор айдаям деліңіз еді. Ертең таңертең сағат 6.00-де базаға келіңіз. Жұмыс киімін, барлығын сол кезде береміз. Түстен кейін офиске өтіңіз. Келісім-шартқа қол қоямыз. Қысқасы, сіз жұмысқа қабылдандыңыз. Қалғанын ертең түсіндіреміз», – деді телефонның ар жағынан Темірбектің болашақ бригадирі.

«Құдай-ай! Қарасқан екенсің ғой. Мың да бір шүкір, шүкір!» – деп іштей күбірледі де мал қораға қарай асығып жүгіріп кетті. Бұл кезде Жұмағұл де қүйеуінің атып тұрып пері көргендей далаға атылғанына аңтан болып тұрып қалған. Темірбек қораға келді де екі сиырының да, қойларының да орнында тұрғанын көріп, тағы бірнеше рет Құдайға разылығын білдірді. Өйтпегенде ше? Қылмыстың алдын алған да, табыс көзін тауып берген де Құдай емес пе?!

... Міне, Темірбек аспандағы бұлттай әппақ су жаңа көлігін тізгенде үйіне қарай бара жатыр. Қызметте жүргеніне бір жыл толартпестен үздік атанып, басшылық бұған жаңа көлік мінгізген. Кезінде қалаға келерде ақша керек болып салдырған Нивасын сатқанына аз да болса өкініген. Ал бүгін ше? Бүгінде ол қызметі бар, түтіні тік шыққан отбасы бар, су жаңа көлігі де бар, оның үстіне заң алдында тап таза адам. Сол үшін Құдайға тағы да бір шүкіршілігін айтып, күбірлеп келеді. Үйінде қуанышты жаңалыққа бүкіл тұма-туысын шақырған Жұмағұл де бұл күні қылмыс түбі қорлық екенін әбден түсінген...

Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ



циямен жиын-тойда бірге жүреді. Ауылдары да тыныш-тұғын. Ал қалаға келгенде мұны жол полициясы өмірі тоқтатып көрмеген. Өйткені сондай сақ, тәртіпке тапжылмастан бағынатын адам. Заңмен өмірі шаруасы болмаған. Тек кезінде бір қойы жоғалып кетіп ұрланды деп арыз жазғаны болса... Онда да ол қойды жайлауда адысып жүрген жерінен өзі

еді. Е-х-х, кара бет-ай. Енді елдің бетіне қалай қарайды? Ертең сотта «Темірбек Төлеугелдиев ірі көлемде пара бергені үшін осында жылға бас бостандығынан айрылады» дегенде жүрегі қарс айрылмай ма? Отбасының жалғыз асыраушысы түрмеде жатқанда әйелі, балалары не болады? «Бір сиыр беріп жаза тартты» дегенді естісе ауру шешесі жылпал

ӘБИГЕР ӘЛЕМ BBC NEWS СӘТСІЗ ШАБУЫЛ Солтүстік Корея құрлықаралық баллистикалық зымыранды ұшырды. Бірақ ол ұшу кезінде сәтсіздікке ұшырады. Бұл туралы Солтүстік Корея әскерилері хабарлады. Биыл жетінші рет ұшырылған зымыран Жапонияны үрейлендірді. Алайда зымыран нақты нысаннасына жете алмады. Бұл туралы BBC арнасында Тесса Вонг пен Иветт Тан «Пхеньян құрлықаралық баллистикалық зымыран ұшырды» тақырыбындағы мақалада жазды.



Солтүстік Корея жақында ядролық сынақтар өткізеді деген қауіптен шиеленіс күшейді. Сәрсенбі күні екі Корея бір-біріннің жақын жердегі сулары зымырандармен атқылаған. Оқиға нәтижесінде Солтүстік Кореяның бір күн ішінде ең көп зымыран ұшырғанын тіркеді.

Солтүстік Кореяның бірнеше рет зымыран ұшыруы АҚШ пен Оңтүстік Корея өздерінің тарихындағы ең ірі бірлескен әуе жаттығуларын өткізіп жатқан кезде орын алды. Пхеньян бұл жаттығуларды агрессивті арандатушылық деп қатан сында алады.

Оңтүстік Кореяның Біріккен штаб басшыларының мәлімдемесіне сәйкес Солтүстік Корея бейсенбі күні жергілікті уақыт бойынша 07:40 шамасында ұзақ қашықтыққа ұшатын зымыран ұшырған. Зымыран шамамен 760 шақырым ұзақтыққа ұшқан. Бірақ Оңтүстік Корея әскерилері шабуыл сәтсіздікке ұшырағанын мәлімдеді. Одан бөлек Пхеньян қысқа қашықтыққа арналған екі зымыранды да қоса ұшырған.

Зымыран ұшырудың нәтижесінде Жапония үкіметі бейсенбі күні таңертең кейбір солтүстік аймақтардың тұрғындарына үйде болу туралы ескерту жасауға мәжбүр болды.

Токио бастапқыда зымыран Жапонияның үстінен өтті деп мәлімдегенмен, кейін қорғаныс министрі Ясуказу Хамада оның Жапон архипелагын кесіп өтпегенін, бірақ Жапон теңізінің үстіңде жоғалып кеткенін мәлімдеді. Премьер-министр Фумио Кишида кейінірек Солтүстік Кореяның қайта-қайта зымыран ұшыруын «арандату» деп айыптады.

Оңтүстік Корея Сыртқы істер министрінің орынбасары Чо Хён Дон мен АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Вэнди Шерман бейсенбі күні телефон арқылы сөйлескен кезде зымырандардың провокацияға алып келетінін айтқан.

Құрлықаралық баллистикалық зымыранды ұшырудан кейін АҚШ пен Оңтүстік Корея жұмада аяқталуы жоспарланған бірлескен әуе жаттығуларын ұзартуға келісті, – деп хабарлады Оңтүстік Кореяның әуе күштері.

Жалпы қатаң санкцияларға қарамастан Пхеньян 2006-2017 жылдар аралығында алты ядролық сынақ өткізді және жетіншісінен жоспарлап отыр.

Сәрсенбі күні атқылау кезінде Пхеньяның баллистикалық зымырандарының бірі екі Корея арасындағы даулы теңіз шекарасы Солтүстік шекара сызығын кесіп өткен. Ол Оңтүстік Кореяның аумақтық суларынан тыс жерге қонса да бұл Солтүстік Кореяның шекараға ең жақын ұшырылған зымыраны болды.

«Солтүстік Корея қыркүйек айының соңынан бастап өзін көп «жарнамалап» жүргендіктен сонында ядролық атқылауға қабілеті барын дәлелдейтін жетінші ядролық сынақ болуы мүмкін», – деді Евха әйелдер университетінің Солтүстік Кореяны зерттеу профессоры Пак Вон Гон арнаға берген сұхбатында.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан НҰРАЗҒАЛИ